«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

НОВАТОР

7 қазан
2022 жыл
ЖҰМА

№ 20 (4508)

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW. ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



2

ЗАУЫТТЫҚТАР IPO БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ



4

БІЛІКТІ МАМАН – ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫ

# НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ЗАЩИТУ ЭКОЛОГИИ



**Сразу несколько проектов, позволяющих уменьшить влияние деятельности предприятия на городскую экологическую обстановку, реализовано на заводе. Итак, какие технологии использует АНПЗ, какие будет использовать? В чем их эффективность и как они помогают заботиться об окружающей среде?**

### БОЛЬШЕ ТЕХНОЛОГИЙ – МЕНЬШЕ ВЫБРОСОВ

С 2006 года на заводе поэтапно внедрялась **технология аминовой очистки топливного газа**, это позволило сократить выбросы сернистого ангидрида в окружающую среду в 7 раз (с 3,5 т до 0,5 т).

На комплексе глубокой переработки нефти (КГПН) производится бензин и дизельное топливо класса К4, К5 (идентичные Евро-4 и Евро-5), в составе которых **сокращено количество серы и бензола**, снижена токсичность выбросов с выхлопными газами в атмосферу.

Блок тонкой очистки и рекуперации дымовых газов на установке каталитического крекинга с использованием BELCO (влажный скруббер) **позволяет удалить из отходящих газов установки сернистый ангидрид, оксид азот и мелкодисперсную пыль**.

### НДТ И «ЗЕЛЁНЫЕ» ПРОЕКТЫ

В 2020 году АНПЗ одним из первых прошел комплексный технологический аудит производства, по результатам которого технологии завода признаны соответствующими всем требованиям справочников НДТ РФ и ЕС.

Сейчас завод участвует в национальном проекте «Жасыл Қазақстан», который направлен на создание благоприятной среды проживания для населения и улучшение экологической ситуации, в том числе улучшение качества атмосферного воздуха. Согласно проекту, АНПЗ необходимо снизить лимиты выбросов загрязняющих веществ на 22%, с 2022 – 2025 гг. – с 20 124 тонн до 15 652 тонн. Чтобы выполнить условия НП, завод разработал мероприятия по замене технически устаревших горелок на технологических печах; предполагается оптимизация тепловых потоков установок (с этой целью уже поставлены и смонтированы теплообменные аппараты, проведена обвязка теплообменных аппаратов по потокам: гудрон, мазут, тяжелый вакуумный газойль, обвязку по нефти сделать планируется во время предстоящего капитального ремонта) и возврат факельных газов в топливную сеть завода.

***Эмиссии в окружающую среду ТОО «АНПЗ» производит согласно экологическому разрешению Комитета экологического регулирования и контроля Минэкологии. И соответственно осуществляет налоговые платежи: за 2021 год платежи за эмиссии в окружающую среду в доход государства составили 356 млн тг, из них за выбросы загрязняющих веществ в атмосферу – 313 млн тг, за сбросы загрязняющих веществ – 41 млн тг.***

### НОВЫЙ ЭКОКОДЕКС ТРЕБУЕТ АСМ

Согласно новому экологическому законодательству, предприятиям необходимо внедрение автоматизированной системы мониторинга на источниках загрязнения с объемом нормируемых выбросов более 500 тонн в год – для непрерывного мониторинга качества выбросов загрязняющих веществ от производственных объектов. По критериям внедрения, АСМ подлежат четыре источника выбросов загрязняющих веществ на ТОО «АНПЗ»: дымовые трубы установки прокалки нефтяного кокса (УПНК), производства тепловой и электрической энергии (к/а 9, 10, 11 ПТиЭЭ), производства ароматических углеводородов (ПАУ CCR, ПАУ PX). На сегодняшний день проводится корректировка рабочего проекта.

Помимо всего перечисленного, предприятие планирует проведение мероприятий по сокращению водопотребления из реки Урал на 40% – путем возврата очищенных стоков для производственных нужд завода на 49%.

На санитарно-защитной зоне завода благоустроено и озеленено 224,7 га. Периметр земельных участков огражден, имеются системы полива, подключенные к источникам водоснабжения. На СЗЗ на сегодняшний день высажено 126 270 деревьев и кустарников. Ежегодно производится подсадка саженцев вяза, ивы, ясеня, лоха, тамариска и осуществляется обслуживание и содержание зеленых насаждений.

АНПЗ продолжает работать над развитием мероприятий по охране окружающей среды.

QAÝIPSIZDIK
SAPA
TURAQTYLYQ

QazMunaiGaz
AMÓZ
ATYRAÝ MUNAI ÓNDEÝ ZAÝYTY

БЕЗОПАСНОСТЬ
КАЧЕСТВО
СТАБИЛЬНОСТЬ

## Құрметті Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері, кәсіподақ мүшелері!



*Еліміздегі мұнай өңдеу өнеркәсібінің көшбасшысы ретінде 77 жылдан астам ежелгі даму тарихы қалыптасқан зауыттың кәсіподақ мүшелерін, ардагерлері мен белсенділерін Қазақстан кәсіподақтары күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Зауыт кәсіподағы – жұмыс беруші мен еңбекшілер арасында тиімді еңбек қатынастарының орнауына ұйтқы.*

*Бүгінде 2522-ден астам кәсіподақ мүшелерін топтастырып отырған зауыт басшылығы мен кәсіподақ ұйымы арасында қабылданған ұжымдық шарттар мен әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерге сәйкес зауытта қызметкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғаумен қатар сауықтыру, әлеуметтік-мәдени және спорттық іс-шаралар өткізу, жұмыс орындарындағы еңбек заңдылығының сақталуын қадағалау, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты шаралары іске асырылып отыр.*

*Кәсіподақ қызметінің жаңғыруына адал қызмет етіп жүрген барша жанашыр кәсіподақ мүшелерін төл мерекесімен құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына амандық пен береке-бірлік, еңбектеріне толағай табыстар тілеймін!*

**Құрметпен, Атырау АМӨЗ ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан Амантурлин**

ЭКОЛОГИЯ



Фото Раимбека ЖАНИБЕКОВА

# ФОКУС НА ЭКОЛОГИЮ, ЭФФЕКТИВНОСТЬ И СОТРУДНИЧЕСТВО

**Состоялось первое заседание Общественного экологического совета (ОЭС) ТОО «АНПЗ», созданного по инициативе общественности г. Атырау и при прямой поддержке министерства энергетики Казахстана.**

В составе ОЭС – 13 человек. В экспертной группе – руководство завода, профессиональные экологи и экоактивисты региона, кандидаты технических наук, доктор экономических наук, депутаты, представители СМИ и просто жители города.

Целью создания совета является возможность участия гражданского сообщества в процессе принятия решений производственной деятельности АНПЗ, выражение мнения гражданского общества о деятельности АНПЗ в сфере охраны окружающей среды, реализации экологических проектов и выработка эффективных рекомендаций в решении экологических проблем.

**Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Мурат ДОСМУРАТОВ**:

*– Это наша первая встреча в составе экологического совета. АНПЗ является промышленным объектом первой категории пожаро- и взрывоопасности, обеспечивающим переработку нефти и производство нефтепродуктов на непрерывной основе. Для эффективного управления экологическими рисками у нас есть все инструменты, и если на заводе случаются проблемы, влияющие на экологию города, то мы хотели бы решать их вместе с Вами. Наши инженеры, технологи много внимания уделяют безопасности на заводе. В данное время идет работа над проектом Tazalyq, в который входит в том числе реконструкция механических очистных сооружений на территории АНПЗ. По поводу сокращения водопотребления у нас есть конкретные предложения и планы.*

*В целом, прошу Вас изучать все технологические заводские процессы и объективно анализировать производственные риски. В результате анализа мы сможем выработать рекомендации, план работы экологического совета. И работать совместно. Я как руководитель предприятия сам поддержал создание совета и хочу, чтобы это объединение эффективно работало.*

**Шынар ИЗТЕЛЕУОВА, руководитель корпоративного фонда «Жайык-Каспийский Орхусский Центр»**, член Общественного Совета Атырауской области:

*– Общественный экологический совет – это диалоговая площадка для населения и ТОО «АНПЗ». Вы стали первым предприятием, на базе которого создан и будет работать Общественный экологический совет в таком экспертном составе. Надеемся, что совместная работа будет направлена на благо жителей города Атырау.*

**Экологический омбудсмен Салтанат РАХИМОВА** ознакомила присутствующих с Положением об Общественном экологическом совете, после совместных поправок принятом членами Совета. Были выбраны сопредседатели ОЭС: Шынар Изтелеуова и **Адилет ШОШАНБАСОВ**.

После сессии вопросов и ответов члены ОЭС решили: выработать регламент и план работы ОЭС, график проведения совещаний и возможность присутствия членов Совета онлайн.

По окончании заседания члены ОЭС посетили установку производства серы, где им рассказали обо всех этапах работы УПС и особенностях работы производства в целом. Далее делегация переместилась на площадку механических очистных сооружений, 1 этап реконструкции которых походит к концу.

Управляющий директор по охране труда, окружающей среды и гражданской защите Адилет Шошанбасов и **директор департамента по капитальному строительству Рулан АЖГАЛИЕВ** ознакомили присутствующих с ходом выполнения заводом плана мероприятий по охране окружающей среды и рассказали о состоянии проекта Tazalyq, ходе его реализации и всех этапах строительства МОС на территории завода.

Члены ОЭС получили подробную информацию по всем интересующим их вопросам, а также о внедряемых на заводе новшествах и инновациях.

IPO

# ЗАУЫТТЫҚТАР IPO БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСУ МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ

**22 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» қоры мен «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ өкілдері АМӨЗ қызметкерлеріне IPO бағдарламасына қатысу мүмкіндіктерін ұсынды.**

Іс-шарада «Қазпочта» АҚ, Қазақстандық брокерлік-дилерлік ұйымдар мен AIX және KASE биржаларының спикерлері болды. Олар «Самұрық-Қазына» қорының жекешелендіру бағдарламасының және портфельдік компаниялары IPO-сының іске асырылу барысымен, оның ішінде бірінші IPO кандидаты – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниясы туралы ақпаратпен бөлісті.

«Самұрық-Қазына» өкілдері IPO ұлттық компанияларды жекешелендірудің ең ашық тәсілдерінің бірі екенін атап өтті. Бұл ретте, компаниялардың акцияларының бақылау пакеттері қор нарығына шыққан соң «Самұрық-Қазына» қоры арқылы мемлекеттік меншікте қалады.

Өздеріңізге мәлім болғандай, президенттің қойылған тапсырмасы бар. Осыған дейін жекешелендіруді жеделтету керек деп бірнеше рет айтылды. Бүкіл қоғамда мемлекеттік үлесі бар ұйымдардың тиімділігі төмен деген пікір қалыптасқан. Осы мәселені шешу үшін жекешелендіру бағдарламасын іске асырдық. Қазмұнайгаз сынды ірі компанияны бірден біреуге сеніп тапсыруға болмайтынын жақсы түсінесіз. Сондықтан компанияны IPO-ға шығару тиімді тәсіл. Ең ірі активтердің бірі – «Қазмұнайгаз», қор тобында активтердің 50%-ын құрайды. Бұл – стратегиялық маңыздылығы бар актив. Сол себепті бұл активтегі «Самұрық-Қазына» қорының басым үлесі «Самұрық-Қазына» қорында қалады. Яғни мемлекеттік бағдарлама «Самұрық-Қазына» қоры арқылы жүзеге асырылып, сыртқы тәуекелдерді болдырмайды, - деді **«Самұрық-Қазына» АҚ экономика және жоспарлау департаментінің директоры Мират ӨТЕПОВ.**

Шара барысында **«Қазақстан» қор биржасының өкілі Еркін СЫЗДЫҚОВ** Kase биржасында 12 IPO өткенін, сондай-ақ соңғы 5 жылда Kase биржасы арқылы ел экономикасына 19,5 трлн-нан астам қаржы жұмылдырылғанын мәлімдеді. Оның айтуынша 8 айлық көрсеткіш бойынша Kase алаңында өткен қаржыландырудың мөлшері 36%-дан көтерілді.

*– IPO-ға қатысу үшін компанияның брокерін таңдап, келісімшартқа тұру керек*, – деді **«Фридом Финанс» АҚ өкілі Данияр ДЖАНГЕЛОВ**. *– Келісімшарт онлайн, оффлайн форматта жасалады. Оффлайн форматта егер брокерлік компанияның өкілеттігі сіздің тұрғылықты мекен-жайыңызда болса, сол жерден консультация алып, лид шотыңызды ашасыз. Брокерлік компанияның өкілеттігі болмаса компанияның сайтында көрсетілген сілтемесі арқылы аша аласыз. Мысалы, өзіңіздің жинаған қаржыңыз бар және ҚазМұнайГаз компаниясының IPO-сына қатысып, өзіңіздің қаржыңызды көбейтіп пайдаға асырғыңыз келеді. Ол үшін қаржыңызды кез келген екінші деңгейлік банктер арқылы өзіңіздің брокерлік шотыңызға жібересіз. Брокерлік шотқа бір немесе үш күнде түседі. Қаржыңызды өзіңіздің шотыңызға салдыңыз. Енді не істейсіз? Міндетті түрде өзіңіздің IPO-ға қатысуыңызға ұсыныс тастайсыз. Брокеріңіздің көмегімен ұсыныс тасталған соң 2-3 апта күтесіз. Сол уақытта брокерлер халықтан түскен өтінімдерді жинақтап қор биржасына жібереді. 3-4 аптадан кейін сіздерге IPO-дан қанша акция алынғаны жөнінде хабар келеді және шотыңызда қанша акция қандай бағадан түскендігі көрсетіледі. Бір күні сіздің акцияңыздың бағасы өсті немесе дивидент түсті делік,оны әрі қарай сату керек. Брокеріңізге хабарласу арқылы оны сата аласыз. Акцияны сату бірден жүзеге асырылады.*



Айта кетсек, «Қазақстан» қор биржасының өкілі Еркін Сыздықовтың мәліметінше бүгінгі таңда Орталық депозитария жүйесінде 440 мыңнан астам жеке тұлға өзінің есеп шотын ашқан. Сондай-ақ Kase алаңында әйгілі шетел компанияларының 50 ден астам құнды қағаздары бар.

Шара соңында спикерлер әлеуетті инвесторларға алаяқтық қауіп туралы ескертіп, ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, KASE, Astana International Exchange (AIX) биржаларының, «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының ресми сайттарында брокерлік лицензиясының болуын тексеруді ұсынды. Компанияның қаржылық жағдайы және өзге де ақпараттарды аталған сайттардан білуге болады.

**Айдана ҚАНАТАЕВА**
**Суретке түсірген Бейімбет АМАНТАЕВ**

МАҢЫЗДЫ

# АМӨЗ ЖШС КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНДА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

**Ағымдағы жылдың 27 қыркүйегінде ҚР Кәсіподақтар күні қарсаңында зауыт басқармасының кіші мәжіліс залында «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымының және цех комитетінің төрағаларының қатысуымен «Қалың қалай бастауыш» бағдарламасы өтті.**

Жиында **«АМӨЗ» ЖШС Бас директоры М. ДОСМҰРАТОВ**, қоғаммен байланыс, мемлекеттік, мердігерлік ұйымдармен жұмыс және әкімшілік мәселелер бойынша **департамент директоры С. АРЫСТАН, бас директордың корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасарының м.а. Б. ДҮЗБАЕВ, қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департамент директорының м. а. Г. ДОСТАНОВА**, кәсіподақ комитетінің мүшелері мен кәсіптік белсенділері бас қосты, ал ҚР кәсіподақтар федерациясының төрағасының орынбасары Н. Өтешов, **«Атырау облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасының м.а. Е.ҰЗАҚБАЙ** онлайн байланыста болды.

**Кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан АМАНТУРЛИН** алғы сөзінде қаңтар оқиғасынан соң ҚМГ басшылығының тапсырмасымен «АМӨЗ» ЖШС өндірістік ұжымымен кездесулер ұйымдарылғанын мәлім етті. Сол кездесулерде қызметкерлер тарапынан еңбекақыны 30%-ға жоғарылату, тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін несие беру және қызметкердің білімін тексеру бойынша сауалдар қойылды.

-Бұрын зауыт қызметкерлерінің білімін 3 ай сайын тексеру жүргізілетін. Осыған байланысты қызметкерлер тарапынан бұл тексерулер олардың негізгі қызметтеріне кедергі келтіреді деген пікірлер айтылды. Қызметкерлердің пікірі еленіп зауытта әр жарты жыл сайын білімді тексеру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар зауытта қажетті мамандар көп. Біздің мақсатымыз оларға тұрғын үй жағдайларын жақсартуға 3-4%-бен несие беруді, еңбекақыны арттыру мәселесін қарастыру. Сонымен қатар аутсорсингтік қызметкерлермен кездесулер өткізілді. Олардың талаптары да еңбекақыны көтеру болды, деді «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымының төрағасы Ғалымжан Амантурлин.

Ал қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының м.а. Гүлнар Достанова 2022-2024 жылға арналған ұжымдық шарттарға енгізілген толықтырулармен бөлісті. Дәлірек айтсақ, Қазақстандағы инфляцияның жоғары деңгейін және тұтыну бағасының өсуін ескере отырып, зауыт басшылығы «Кәсіподақ» ұйымымен бірлесе «ҚазМұнайГаз»ҰК» акционерлік қоғамымен тиісті жұмыстар жүргізіп, жалақыны қосымша көтеруге келісім алған. 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап зауыт қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға көтерілді. Сонымен қатар қызметкерлердің қолданыстағы әлеуметтік пакеті толықтырылды. Қызметкерлердің мүгедек балаларына ай сайын 22 260 тг, жыл сайын дүниеден өткен зауыт қызметкерінің отбасындағы 18 жасқа дейінгі әр балаға 254 400 тг, зауыт қызметкерлерінің жеке балабақшаға баратын балаларына 1,5 жастан (бұрын 2 жастан) бастап ай сайынғы өтемақы 50 000 тг төленеді. Сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлерді қолдау мақсатында әлеуметтік көмек қарастырылды, атап өткенде:зейнетақыға ай сайынғы қосымша ақы, мерекелік, мерейтойлық күндерге материалдық көмек, медициналық көмекпен қамтамасыз ету т.б.

Бас директордың корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасарының м.а. Бекжан Дүзбаев тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін несие беру мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, бұл бағытта жұмыстар осы жылы жалғасын тапқан. Екінші деңгейлі банктерге хаттар жолданып, жеңілдетілген қарыздар беру жөнінде кездесулер өткізілді.

«АМӨЗ» ЖШС департамент директоры Серік Арыстан қаңтар оқиғасынан соң ҚМГ басшылығының тапсырмасын орындау мақсатында арнайы жұмысшы тобы құрылғанын және 20 компанияның жағдайын қарастырғанын атап өтті. – Атырау мұнай өңдеу зауытының тұрақты жұмыс жасауы үшін 20-дан жоғары сервистік компания қызмет етіп келеді. Оның ішінде 14 компанияның жалақысын көтеру жөнінде шешім қабылданды. Ол үшін ведомстволық штабтың шешімі шықты. Жұмысшы тобы барлығын саралаған соң басқарманың шешімі шықты. 14 компанияның арасында Қазмұнайгазға бағытталған 3 компания бар, олар – «KMG-Security», «Семсер Өрт сөндіруші», «KMG-EP-Catering». ҚМГ бұл компаниялардың жалақыларын жалпы деңгейде бірдей көлемде арттырды. Қалған 11 компанияға 30% көтеру үшін қосымша келісім жасалды. Қазіргі уақытта осы бағытта жұмыс жүргізілуде, әр компания өз мүмкіндіктеріне қарай 30%-ға дейінгі аралықта қосымша қаражатты иеленеді.

Айта кетсек, жиын кезінде ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешов кәсіподақ ұйымының жұмысын жоғары бағалады.

**Айдана ҚАНАТАЕВА**

ВИЗИТЫ

# ВСТРЕЧА С ФИНСКИМИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЯМИ




Фото Беимбета АМАНТАЕВА

**Атырауский нефтеперерабатывающий завод посетила делегация во главе с послом Финляндской Республики в Казахстане Сойли МЯКЕЛЯЙНЕН-БУХАНИСТ.**

Цель визита финского посла и делегации в Атырау – обсуждение перспектив торгово-экономического сотрудничества между Финляндией и регионами с акцентом на сферу энергетики и чистые технологий.

На встрече с руководством АНПЗ гостям рассказали об истории предприятия, о модернизации завода и о нынешней работе.

В свою очередь финские бизнесмены презентовали услуги своих предприятий, специализирующихся на технологических процессах, автоматизации, энергетики, а также услуги для целлюлозно-бумажной и других отраслей промышленности.

Официальный визит был организован министерством иностранных дел РК и АО НК Kazakh invest.

ПАРТИИ

# У AMANAT НОВАЯ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПЛАТФОРМА

**28 сентября на в заводском актовом зале прошло собрание первичной партийной организации Amanat при АНПЗ.**




В собрании участвовали 80 делегатов из пяти партийных групп. Всего на АНПЗ 793 партийца.

Повесткой мероприятия стало разъяснение новой политической платформы партии Amanat.

– *Политическая платформа партии Amanat является частью полномасштабной партийной трансформации, запущенной в марте этого года*, – сообщила присутствующим **председатель ППО ТОО «АНПЗ» Бакыт ОТЕБАЛЫ**. – *Платформа содержит в себе видение будущего, ориентиры развития, принципы и политические цели главной общественной силы Казахстана. Это главный документ, представляющий ответ партии на происходящие в стране изменения*.

Первой с докладом выступила **Молдир БОРАШОВА – секретарь ППО, член Молодежного крыла «Жастар рухы»**. Она рассказала присутствующим членам партии о политической платформе партии и её целях – создать справедливое, благополучное государство, где права и свободы каждого гражданина Казахстана будут защищены Законами страны. На сегодняшний день в приоритете у партии – сохранить целостность государства, укрепить безопасность страны, улучшить благосостояние населения, обеспечить граждан рабочими местами и усилить статус казахского языка в обществе.

**Член партии Арман ДИМУКАШЕВ** проинформировал партийцев, что на сегодняшний день главной и основной ценностью в стране является гражданин. В этой связи проводятся глобальные реформы законодательства, государственной системы управления, образования, здравоохранения, всех сфер жизни общества, включая партийную систему. Он также подробно рассказал о новой политической платформе и трёх её основных направлениях.

Далее были единогласно избраны делегаты на 44 городскую конференцию Атырауского городского филиала партии Amana: **М. ДОСМУРАТОВ** – генеральный директор ТОО «АНПЗ»; Б. Отебалы, А. Димукашев, **А. ФЕДОРОВ**, М. Борашева.

В заключение мероприятия Бакыт Отебалы поблагодарила генерального директора Мурат Досмуратова и однопартийцев за участие на собрании.

**Фото Беимбета АМАНТАЕВА**

# ӨМІРІН ЗАУЫТҚА АРНАҒАН ЖАН



42 жылын зауытқа арнаған абыройы асқақ қызметкерімізден айырылу зауыт үшін үлкен қайғы. Зауытымыздың ардагері **Темірғали Есқалиұлы Бекесов** 77 жасында дүниеден өтті. Ол 1946 жылдың 14 маусымында Гурьев қаласында дүниеге келген.

Темірғали Бекесов 1964 жылы 18 жасында зауытқа табан тіреді, алғашқыда тауар операторының көмекшісі болып қызмет етті. 1971 жылы Губкина атындағы Ресей мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, инженер-технолог мамандығын игерді. Жоғары білімді меңгерген соң зауытта оператор, аға оператор қызметін атқарды. 1979 жылы ЭЛОУ АВТ-3 қондырғысының басшысы болып тағайындалды. Ол өмірінің соңына дейін жоғары лауазымдарда, атап өткенде: 1981-1987 жылдары №1 технологиялық цехтың басшысы, 1987-1991 жылдары технологиялық бөлімнің бастығы – бас технолог қызметін атқарды.

1991 жылы Темірғали Есқалиұлы қайта құру және жаңғырту жөніндегі бас инженердің орынбасары лауазымына ұсынылды.

1993 жылы бас инженердің орынбасары - еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі бас техникалық басшы, 1999 жылдың шілдесінде мұнай өңдеу департаментінің директоры болып тағайындалды.

Темірғали Бекесов Есқалиұлы әр кезде жоғары кәсіби деңгейімен, көшбасшылық қасиетімен, жұмысқа деген жауапкершілігімен ерекшеленді. Ол 2001 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай Мемлекет басшысының алғыс хатын иеленген.

Бірлігі бекем, шебі бүтін еңселі зауытымыз үшін бұл орны толмас қайғы. Атырау мұнай өңдеу зауытының басшылығы мен кәсіподағы және ұжымы Темірғали Бекесовтың дүниеден өткеніне қайғырып оның отбасына және жақындарына көңіл айтады. Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын.

ДАТЫ

# «СУДАРУШКЕ» – 35

**Нет человека на заводе, который не слышал о бойкой и задорной «Сударушке». Заводскому ансамблю в этом году исполнилось 35 лет.**



Впервые хор, созданный на предприятии, порадовал пением свою публику в 1987 году. Цэээловцы популяризировали активную жизнь на заводе, первыми они были и в спорте, и в творчестве. Как готовил первый концерт хор ЦЗЛ, передается из уст в уста. Все, кто слушал «сударушек», поверить не могли, что поют не профессионалы, а простые заводские работницы, которые в обеденный перерыв и после смены бегали на репетиции, и, не имея специального музыкального образования, запоминали и заучивали мелодию на слух, тогда еще в заводском клубе, нынешнем ДК им. Дины Нурпеисовой.

*– Как-то я пришла послушать «Сударушку», и вот уже почти 35 лет пою в хоре,* – говорит **Клавдия ИШИМОВА**.

В 1992 коллектив защитил звание «Народный». Выступали с концертной программой на Тенгиз, в БРНУ, ездили на республиканские фестивали, в Астрахани получали призы, подарки, аплодисменты и признание таможенной публики.

Сейчас в ансамбле два хора: русской народной песни «Барыня-сударыня» и казахской народной песни «Толкын». Участниц в ансамбле 11. Все они когда-то работали на заводе, а сегодня – это неугомонные женщины на пенсии, которые дважды в неделю бросают свои хозяйские дела и бегут на репетицию.

За столько лет в коллективе менялись руководители, концертмейстеры и состав, но своей популярности ансамбль не растерял: все также гастролируют «сударушки» по организациям Атырау, дают концерты в доме престарелых, в военных частях, детских домах и других государственных учреждениях социального обслуживания. С творческим коллективом неизменно их концертмейстер – **Владимир ЧЕРНОХАЕВ**.

*– Хор участвует во всех городских праздничных мероприятиях. В мае этого года мы получили диплом на городском фестивале «Ардагерлер әуендері»,* – говорит Владимир.

А ведь «сударушки» не только поют, они и танцуют, их номера – это настоящие мини-спектакли. Всего в программе коллектива 31 номер. Недавно в ансамбле появился новый хормейстер **Рахат САГЕНОВ**.

*– Эти замечательные женщины, хоть и на пенсии, но заняты не только внуками и стряпней на кухне, у них есть хобби, которое приносит им радость,* – говорит Рахат.

*– С песней и дела по дому быстрее делаются, и жизнь веселее,* – подхватывает **Куляш НУРМАГАМБЕТОВА**. *– Когда работала на заводе, пела в хоре, и сейчас бегу на репетицию с большим удовольствием.*

В планах у руководителя хора – обновление концертной программы, но без утраты старых номеров.

Все участницы хора, как одна, благодарят профсоюзный комитет завода: вся помощь с организацией помещений для репетиций, организация мероприятий, отчётных концертов, покупка реквизита и костюмов для выступлений поступает именно от них. С такими помощниками хор будет востребован не один десяток лет, говорят певуньи.

С днем рождения, «Сударушка»!

**Фото Беимбета АМАНТАЕВА**

ОҚЫТУ

# БІЛІКТІ МАМАН – ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫ

**Әлемдік білім беру саласындағы озық тәжірибенің бірі – дуалды оқыту бағдарламасы. Олай дейтініміз, білім алушылар теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, кәсіби маман бола алады. Дуалды оқытудың арқасында көптеген жастар болашаққа жоспар құрып, кез келген жұмысқа ерте араласуға бейімделеді. Олар өздерінің таңдаған мамандығын кәсіби тұрғыдан жетік меңгеріп, қазіргі заманауи технологияны одан әрі жетілдіру үшін жұмыстанады.**



Бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлау мақсатында АМӨЗ-де дуалды оқыту бағдарламасы күні бүгінге дейін қарқынды дамуда. Зауытта бұрын болмаған студенттерге арналған дуалды оқытудың жаңартылған бағдарламасы іске қосылды. Яғни оқыту барысында студенттер 3D технологиянның көмегімен, технологиялық процесті көрнекі көрсететін заманауи мультимедиялық оқыту кешені – iSpring пайдаланылатын болады. Сонымен қатар P&ID схемалары студенттерге түрлі зауыттық қондырғыларды зерттеуге мүмкіндік береді. Жетекші сарапшылар және мамандар түрлі шеберлік сыныптарын өткізеді. Студенттерге Қазақстандық және шетелдік мұнай компанияларының өкілдерімен жолығу мүмкін болады.

Теория мен тәжірибені меңгеруде зауытқа бағын сынауға келетін студенттер де аз емес. Айта кетсек, 2021-2022 оқу жылында «АМӨЗ» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінде дуалды бағдарлама бойынша практикалық оқытуға 22 студент қабылданған еді. Соның ішінде 18 студент биыл оқуын тәмамдап, 2 студент дуалды оқуын жалғастыруда.

Ағымдағы жылда комиссия мүшелері және комиссия төрағасы **бас директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары – бас инженер Рахымжан ЖАНҒАБЫЛОВ** 2022-2024 оқу жылдарында дуалды бағдарлама бойынша оқытуға студенттерді қабылдау үшін конкурстық іріктеу жиналысын өткізді. Толығын айтсақ, 8-9 қыркүйекте С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінен 27 студент, ал 14-15 қыркүйекте APEC PetroTechnic жоғары колледжінен 9 студент, С. Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінен 24 студент зауытта тағылымдамадан өтті. Қатысушылар теориялық білім тест сұрақтарына жауап қатты және оларға таңдаған мамандығы, химиялық процестер, мұнай өңдеу және мұнай химиясы туралы, мұнай саласының машиналары мен жабдықтарына қатысты сауалдар қойылды.

Теориялық білім және жиналыстың нәтижесін қорытындылай келе, 2022-2024 оқу жылында дуалды бағдарлама бойынша практикалық оқыту тізіміне 38 студент қабылданды. Дәлірек айтсақ, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінен 17 студент, С. Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжінен 15 студент, APEC PetroTechnic жоғары колледжінен 6 студент тізімге ілікті.

*– Атырау мемлекеттік университетінде химик-технолог мамандығын аяқтадым. Қазіргі таңда сол мамандық бойынша С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде 3 курста білім алудамын. Осы университетке түспестен бұрын жоғары білімім болған соң оқуымды бірден 3 курстан бастадым. Кейін университетте АМӨЗ-де дуалды оқуға түсу үшін сынамадан өтуге жіберілген студенттердің тізімінде барымды білдім. Ең қиыны – студенттердің 2 жыл бойы оқыған білімін меңгеру үшін 1 айға жуық уақытым болды. Аз уақытта дайындалып, АМӨЗ-ге дуалды оқуға түсіп отырмын. Тестілеу қиын болмады, ал қойылған сұрақтар мұнайға қатысты болды, Еңбегім ақталды, енді оқудың алғашқы күнін асыға күтіп жүрмін,* – деді **С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің студенті Алексей ПАК.**

Қазіргі таңда әлем бойынша кәсіптік-техникалық маман иелері және білікті жұмыс кадрлары жетіспейді. Ал дуалды оқытудың ерекшелігі – оқыту үрдісінің басым бөлігі білім беру мекемелерінде емес, өндіріс орындарында өтеді. Осы арылы студенттердің өндірісте жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Сондықтан дуалды оқыту бағдарламасын елдің ертеңі бүгінгіден нұрлы болуын қалыптастыру жолындағы игі істердің бастамасы деп білеміз. Ақпараттар ағымы күшейген қоғамда Атырау мұнай өңдеу зауыты өз кезегінде жастарға қай саладан болмасын үздік шығып, жетістікке жетуі үшін мүмкіндік сыйлап отыр.

**Айдана ҚАНАТАЕВА**
**Суретке түсірген**
**Бейімбет АМАНТАЕВ**

СҰРАДЫҢЫЗ БА? ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

# СУ – ТЕК ЖАЗ МЕЗГІЛІ ҮШІН

**АМӨЗ телеграм арнасынан келіп түскен сұрақ:**

*– Қайырлы күн! Қыркүйектен бастап асханада бөтелкедегі су берілмейді. Бұл ретте тамақтану талонының құны төмендей ме?*

**Жауап берген қызметкерді басқару бөлімінің маманы Райла ТӨРЕШОВА:**

*– Қызметкерлерді ыстық тағаммен қамтамасыз ету келісім шарты бойынша зауыттық асханадағы тамақтану талонының құнына бірінші, екінші тағамдар, салат және сусындар (шай, кофе) кіреді. Сол себепті тамақтану талонының құны төмендемейді.*

*Сол келісім шартқа сәйкес зауыттың асханасында тамақтанатын қызметкерлерге 1,5 литр бөтелкедегі су жаздың ыстық мезгілінде яғни мамыр айынан тамыз айының соңына дейін беріледі.*

*Жаз мезгілінде қызметкерлерді сумен қамтамасыз ету «АМӨЗ»ЖШС басшылығының бастамасы болып табылады және тамақтану талонының құнына кірмейді.*

СПРАШИВАЛИ? ОТВЕЧАЕМ!

# ВОДА – ТОЛЬКО В ЖАРКИЙ ПЕРИОД

**Вопрос из чата телеграм-канала АНПЗ:**

*– Добрый день! С сентября в столовой не выдают бутилированную воду. Снизится ли при этом стоимость талона на питание?*

**Отвечает Райла ТОРЕШОВА, специалист Отдела управления персоналом:**

*– Стоимость талона на питание в заводской столовой складывается из первого, второго блюд, салата и напитка (чай, кофе) – по договору об обеспечении сотрудников горячим питанием, по этой причине речь о снижении не идет.*

*Согласно этому же договору, бутилированную воду в размере 1,5 литра работникам, питающимся в столовой завода, выдают только в летний жаркий период, с мая и до конца августа. Бутилированная вода не входит в стоимость талона на питание, ее раздача работникам завода в летний сезон является инициативой руководства ТОО «АНПЗ».*


**«НОВАТОР» басылымы**
№20. 7 қазан 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

**Газет «Print House Gerona» ЖШС баспаханасында басылды.**
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 1504

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ бастығы – Ш.Какимжанова**

**«MEDYAGROUP» ЖК: жетекшісі – Д.Мұхамбетов редакторлар – И.Козонова, А.Қанатаева.**

**Газет Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде 1992 жылғы 27 мамырда тіркеліп, тіркеу туралы №790 куәлігі берілген**

**Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.**

НОВАТОР